

ҰЛТ САУЛЫҒЫНЫҢ САҚШЫЛАРЫНА ҚҰРМЕТ



Медицина қызметкерлерінің жанкешті еңбегінің нәтижесі мыңдаған адамның өмірін сақтап қалуға, денсаулығын жақсартуға сен болуда. Ақ халатты абзал жандар қашанда құрметке лайық. Дәрігерлердің кәсіби мерекесіне орай «Ұлт саулығын ұлықтаған - дәрігер» атты салтанатты шара өтті.

Мерекелік шараға қатысқан облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың арнайы құттықтауын жолдады. – Құрметті Қызылорда облысының медицина саласының қызметкерлері! Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Сіздер күн сайын адам өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған жауапты міндеттерді абыроймен атқарып, мейірім мен жанашырлықтың, төзім мен табандылықтың, жоғары біліктілік пен адалдықтың жарқын үлгісін көрсетіп келесіздер. Облыс халқының саулығын сақтау жолындағы табанды еңбектеріңіз бен кәсіби шеберліктеріңіз үшін Сіздерге зор ризашылығымды білдіремін. Баршаңызға мықты денсаулық, сарқылмас күш-қуат, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін», – делінген құттықтауда.

Содан кейін аймақ басшысы Сыр медицинасының дамуындағы оң жетістіктерге кеңінен тоқталды.

– Дәрігер – ең ізгі, ең қастерлі мамандық есі. Дәрігер болу – үлкен жүректі, терең білімді, кәсіби білікті, Гиппократ антына адалдықты, жоғары жауапкершілікті талап етеді. Бар күш-жігерің, білімің, тәжірибесің халықтың саулығына арнап, уақыттен санаспай, күні-түні жасаған қызметтеріңді әрдайым жоғары бағалаймыз. Нағыз дәрігер үшін ең жоғары құндылық – халықтың ыстық ықыласы мен алғысына бөлену.

Бүгінгі мерейлі мерекеде сіздердің өлшеусіз еңбектеріңізге барша Сыр жұртшылығының атынан алғыс айтып, зор ризашылығымызды білдіремін. Халыққа әрдайым адал қызмет етіп, абыройлы болыңыздар!, – деді облыс әкімі.

Мерекелік шарада медицина саласында ұзақ жылдар тер төккен ақ халатты білікті дәрігерлер «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» атағын алып, «Парасат», «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат» медалімен марапатталса, бірқатар алдыңғы қатарлы медицина қызметкерлері ҚР Премьер-министрі орынбасарының Алғыс хатына, ҚР денсаулық сақтау министрінің «Еңбек ардагері», «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төбелгісіне, облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хатына ие болды.

Медицина қызметкерлеріне көрсетілген бұл құрмет – олардың еңбегіне деген жоғары бағасының айғағы. Мерекелік кеш концерттік бағдарламамен жалғасты.

Гайяр ҚОЖАХМЕТОВА

ТАҢДАУЛЫ КАРДИОЛОГ

Қашанда жүзін шуақ, жүрегінің мейірім тәлімін жүретін кардиолог-дәрігер Гүлсім Бержаппарова емделушілер үлкен сеніммен қарайды. Бір көргеннен-ақ оның болмысынан қарапайымдылық, кішіпейлділік тәрізді қасиеттерді көріп, тәтті боласын. Ол туралы емделушілердің жүрекжарды ризашылығы да аз емес. «Жақсы маман, білікті дәрігер» деген ілтипатты сөздер оның еңбегіне берілген әділ баға. Гүлсім Балтабайқызы осы бағаны төмен түсірмеу мақсатында абыроймен қызмет етіп жүр.



Бала кезінен дәрігер атануды алдына мақсат етіп қойды. Бала арманын жүзеге асыру үшін білімді болу қажет екендігін жас кезінен ұғына өсті. Мектепті жоғары бағаға бітіріп, медициналық оқу орнына түсу үшін көптеген дайындық жасады. Сол мақсаты бүгінде орындалды. Жас күнінен ойына алған ісін жалғастырып келеді. Ең бірінші адалдықты сүйді. Қызметіне адал. Алдына келген науқастың денсаулығы бәрінен маңызды. Себебі, ол бұл мамандықты жаны қалап келді. Жақсы дәрігер болу үшін тер төкті. Сондықтан сол арманына дақ түсірмеу үшін адалдық жолын таңдады. Осы қасиеті үшін де көпке сыйлы.

3-БЕТТЕ

Баспасөз-2026

**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?**

Баспасөзге 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз.

**Жекелер үшін
6 айға – 4000 теңге,
мекемелер үшін – 5000 теңге.**

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.



Ақмешіт

20 маусым
сенбі

№46 (2258)

2026 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

МАУСЫМ АЙЫНЫҢ ҮШІНШІ ЖЕКСЕНБІСІ – ӘКЕЛЕР КҮНІ

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ



Әке – бұл сөз кім-кімге болса да жақын, жүрекке жылы тиетін сөз. Үш әріптен тұрса да ол кісінің бала үшін орны арқашан биік, жоғары. Қашанда әке – асқар тау, оның отбасындағы орны бөлек. Қазақ халқы «Әке – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ» деп бекер айтпаған. Әке сол шанырақтың бар ауыртпалығын көтереді. Баланың қорғаны, отбасы тәрбиесінің темірқазығы ретінде бағаланған.

Есте болса, 2023 жылдан бастап елімізде «Әкелер күні» белгіленіп, алғаш рет ресми аталып өткен еді. Маусымның үшінші жексенбісі деп бекітілген мереке содан бері өз деңгейінде тойланып жүр. Мерекелік күндердің тізбесіне «Әкелер күні» мерекесін енгізудің негізгі мақсаты еліміздегі отбасылық құндылықтарды ілгерілету, отбасы институтын нығайту, сонымен қатар әкелер институтын дамытуға ықпал ету болды. Мұндай мереке әлемнің көптеген елдерінде бар. Мәселен бұл мереке алғаш рет 1910 жылы АҚШ-тың Вашингтон штатында тойланған. Бұл бастаманы Соноро Смарт Додд есімді әйел өз әкесінің құрметіне ұсынған. Кейін бұл мереке бүкіл АҚШ-қа тарап, 1972 жылы ресми мереке болып

бекітілген. Сол уақыттан бастап Әкелер күні 80-нен астам елде аталып өтеледі. Ал елімізде бұл күн кең көлемде аталып өтпесе де, әлеуметтік желілерде әкесін құттықтап бөлісетін азаматтар көбейген. Сонымен қатар мереке қарсаңында еліміздің әр өңірінде дәстүрлі отбасылық құндылықтарды әсептеп, «үлгілі отбасы» идеясын насихаттау мақсатында түрлі іс-шара ұйымдастырылады. Достық үйінде облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың қатысуымен «Әке тәрбиесі – ұлттың рухани діңгегі» атты облыстық әкелер форумы өтті. Оған «Әкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Бекдайыр Күзембай, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, кәсіби мен еңбегі арқылы елге үлгі болып жүрген азаматтар қатысты.

2-БЕТТЕ

Қазіргі таңда ұрпақ тәрбиесіндегі әкенің орны әлсіреп бара жатқандай. Тал бесіктен басталатын тәрбиенің тізгіні және отбасындағы құндылық әлеуметтік желіге байланғандай. Сол үшін де бүгінгі ата-ана балаға беретін ізгілік қасиетті алдымен өз бойына дарытып, отбасы құндылығын санасына сіңіруі қажет. Бұл бүгінде өзекті мәселеге айналды. Елімізде әкелердің бала тәрбиесіне белсенді қатысуы, жауапты әке бола білуі және болашақта саналы әке, азамат тәрбиелеуді насихаттау мақсатында «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігі жұмыс істейді. Осы орайда отбасындағы және бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі тақырыбында Қызылорда облысы бойынша «Әкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің басшысы Ержан Ескендірұлымен әңгімелескен едік.

АСҚАР ТАУ АЛАСАРМАЙДЫ



– «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігі қашан құрылды. Өзінің орнын қалыптастырып үлгерді ме? «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігі әке институтының қоғамдағы ролін арттыру, отбасы құндылықтарын насихаттау, бала тәрбиесіне әкелердің белсенді қатысуын қалыптастыру мақсатында құрылды. «Әкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі 2012 жылдан бастап ашылып, жұмыс істеуде. Ал, біздің өңірімізде 2023 жылдың маусым айында қолға алынып, ресми түрде қыркүйек айынан бастап тіркелді. Бүгінде ұйым өз бағытын айқындап, қоғамнан өз орнын қалыптастырып келеді. Әкелердің бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруға бағытталған көптеген жұмыстар атқарылууда.

3-БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

СЫР БОЙЫНДА ЖАҢА ЖАҒАЛАУ



Сұлу Сырдың бойында орналасқан Қызылорда қаласы күн санап құлпырып келеді. Бүгінде алып құрылыс алаңына айналған Сырдария өзенінің жағалауына жұрт қызыға қарайды. Әр өткен сайын құрылысты бағдарлап, қашан аяқталатынын бір-бірінен сұрап та қояды.

Иә, дария бойындағы жаңаша өзгерістер тұрғындардың көз қуанышына айналды. Мұндағы Президент саябағындағы өзгерістер, жаңадан салынып жатқан биік үйлер, тіпті жана нысандар алыстан мен мұндадан көрінеді.

Соңғы екі жылда Сыр жағалауынан тынымсыз құрылыс басталды. Бүгінде Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеттері нығайтылып, тұрғындар үшін қауіпсіз әрі заманауи демалыс аймағы қалыптасуда. Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеттерін нығайту жұмыстарымен танысты.

Жобаны «Қаратас Майнинг», авторлық қадағалауды «Geopsd kzo», техникалық қадағалауды «Орда-S» серіктестіктері жүзеге

асыруда. Оған 2 млрд 996 млн теңге бөлінген, 2756 метр екі жолақты жаяу жүргінші және велосипед жолы салынып, асфальтбетон жабындысы төселеді. Сонымен бірге 2928 метрлік қорғаныс бөгетінің енісі нығайтылады. Бұл жағалауды су тасқыны мен шайылдан қорғайды. Сонымен қатар сыртқы жарықтандыру жүйесі, 2848 метр электр желісі тартылады және 110 жарықтандыру тірегі орнатылады. Тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету мақсатында 2670 метр металл қоршау, демалыс аймақтарына орындықтар мен коқыс жәшіктері қойылады.

«Ақмешіт-ақпарат»

СЕССИЯ

Биылғы жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша 2762 отбасыға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, 962,4 млн теңге төленген. Бұл туралы қалалық мәслихаттың XXXXXIII сессиясында айтылды. Қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев төрағалық еткен сессияға қала әкімі Нұржан Ахатов, қала әкімінің орынбасарлары, облыстық және қалалық мекемелердің басшылары, құқық қорғау органдарының, қоғамдық ұйымдардың, кәсіпкерлік құрылымдардың өкілдері, кент және ауылдық округ әкімдері мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

ШАҒАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫНДА СЕРПІН БАР

Сессия отырысында «Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын шараларды іске асыру бойынша әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы жандарға көмек көрсету және оларды жұмыспен қамудың жай-күйі туралы» мәселесі талқыланып, қала, кент және ауылдық округтердің бюджеттерінің атқаруы жөніндегі есептері бекітілді.

Бүгінде қалада 15 мыңнан астам мүгедектігі бар адам, 36 мыңнан астам зейнеткер және 16 мыңнан астам көпбалалы отбасы тұрады. Осы санаттағы азаматтарды әлеуметтік қолдау мақсатында бөлім тарапынан 16 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіліп, әлеуметтік төлем тұрақты түрде беріледі. Сондай-ақ жекелеген санаттағы азаматтарды әлеуметтік қолдауға 349,7 млн теңге бағытталды. Мүгедектігі бар азаматтарды оңалту және қолдау шаралары аясында әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 9 мыңнан астам адамның өтінімі орындалды. Жеке көмекші, ымдау тілі маманы қызметтері ұйымдастырылып, инвентаризация кезінде 700-ге жуық азамат қамтылууда.

Қалада ерекше қажеттіліктері бар азаматтар үшін кедергісіз орта қалыптастыру бағытында ауқымды әрі жүйелі жұмыстар атқарылууда. Әрбір тұрғынның еркін қозғалысы мен тең мүмкіндігін қамтамасыз ету – заманауи қала дамуының басты талабы. Бұл инфрақұрылымы бейімделуі тиіс 216 нысан белгіленген болатын. Қазірдің өзінде оның 200-і арнайы интерактивті колжетімділік картасына енгізіліп, жылдық жоспар 93 пайызға орындалды.



Өңірде жұмыссыздық мәселесін шешу және тұрғындардың әл-ауқатын арттыру бағытында ауқымды кадамдар жасауда. Өңірлік жұмыспен қамту картасының нәтижесінде бүгінде 3 473 азамат тұрақты жұмысқа орналасты. Мемлекеттік қолдаудың арқасында бүгінде қоғамның әрбір өкіліне жеке мүмкіндіктер қарастырылған. Мәселен, еңбек жолын жана бастаған түлектер «Жастар тәжірибесімен» шыңдалса, орта жастағыларға «Күміс жас» жобасы арқылы қоғамға пайдасын тигізуде. «Бастау Бизнес» арқылы кәсіпкерлік қыр-сырын меңгеріп жатқандары да бар.

2-БЕТТЕ

БАСЫ 1-БЕТТЕ



ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Биыл төртінші рет ұйымдастырылған форумда әкенің отбасы өміріндегі орны мен қоғамдағы жауапкершілігі кеңінен көрініс тапты.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Әке жауапкершілігі – отбасының беріктігі мен ұрпақ тәрбиесінің негізі. Біздің қоғамда әкенің ролін арттыру, отбасындағы беделін нығайту – өте маңызды міндет» деген болатын.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Әке жауапкершілігі – отбасының беріктігі мен ұрпақ тәрбиесінің негізі. Біздің қоғамда әкенің ролін арттыру, отбасындағы беделін нығайту – өте маңызды міндет» деген болатын.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Әке жауапкершілігі – отбасының беріктігі мен ұрпақ тәрбиесінің негізі. Біздің қоғамда әкенің ролін арттыру, отбасындағы беделін нығайту – өте маңызды міндет» деген болатын.



Форумда көпшілікті қуантқан жаңалық, «Қызылорда» супермаркетінің жұмысшысы Жандос Құдайбергеліні ұш бөлмеі потердің кілті табыстауы.

– Бір қыз, бір ұлды тәрбиелеп отырмыз. Әкенің міндеті балаға қолдау көрсету, сенімді қарым-қатынас орнату. Осы тұрғыда жауапкершілікті өзіне ала білуі тиіс.

Тәрбиелік мәні зор жиында қоғам мен отбасындағы әкенің ролі кеңінен сөз болды. Қазақ «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» деген қағида қашаннан қалыптасқан.

Иә, баланың болмысын, мінезін, өмірлік бағытын қалыптастыруда әкенің орны айрықша. Бала әкесінен еңбекқорлықты, жауапкершілікті, тәртіп пен табандылықты бойына сіңіреді.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ
Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫ ЖАҢАРУ ЖОЛЫНДА

Еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін арттыруда теміржол саласының маңызы зор. Апта басында Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында осы саланы дамыту мәселесі қаралды.

Үкімет басшысы Олжас Бектенов Мемлекет басшысы еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін нығайтудың кілті саналатын теміржол саласы мен инфрақұрылымын дамытуға ерекше назар аударып отырғанын атап өтті.

– Мемлекет басшысы еліміздің теміржол желілерін барынша дамыту – айрықша маңызды міндет екенін атап өтті. Жаңа теміржол желілерін салу, вагондар мен локомотивтер паркін жаңарту, қолданыстағы жолдарды жаңарту және вокзалдарды реконструкциялау бағытында ауқымды жұмыс атқарылып жатыр.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, Мемлекет басшысының тапсырмасымен және

Қазақстан Үкіметінің қолдауымен 2030 жылға дейін теміржол саласының инфрақұрылымын дамытуға 10 млрд АҚШ долларынан астам инвестиция тарту көзделген. Бүгінде елімізде 1 800 шақырым жаңа теміржол желісі салынып, 3 000 шақырым жол жаңартудан өтуде. Сонымен қатар еліміздегі 124 теміржол вокзалы жаңғыртудан өтіп, жаңадан салынуда.

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімдігінде аймақ басшысы Мұрат Ергеш-



БАСЫ 1-БЕТТЕ

ШАҢАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫНДА СЕРПІН БАР

Қаржылық қуаттың артуы аймақтың экономикалық тұрақтылығын нығайтып, жергілікті маңызы бар әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды ауқымды түрде жүзеге асыруға жаңа мүмкіндіктер ашады.



және оңалту шаралары толықтай жүзеге асырылды. Қаланың көркі мен жайлылығы

арттыру мақсатында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласына 84,5 млрд теңге жұмсалды. Бұл қаражат

заманауи көпқабатты тұрғын үйлер құрылысына, инженерлік инфрақұрылымды дамытуға, мұқтаж жандарға тұрғын үй сатып алуға, сондай-ақ қала аумағын абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарына бағытталып, шаһардың дамуына жаңа серпін берді.

«Ақмешіт-ақпарат»

ТӘРТІП БАР ЖЕРДЕ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ БАР

Заң ережелері адамды шектеуге емес, қорғауға қызмет етуі керек. Заң үстем болмай әділдік орнамайды. Оны тіпті қоғамды біріктіріп ұстап тұрған ұстап тұрған ретінде түсіндіруге болады.



Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты жолдауында қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын нығайтудың маңызын атап өткен еді.

барысында құқық қорғау және атқарушы органдардың өкілдері қауіпсіз орта қалыптастыру, құқықтық сауаттылықты арттыру бойынша баяндама жасап, алдағы жұмыс жоспарын айқындады.

қатысуымен жүзеге асырылды. Сонымен қатар жауапты тұлғаларға атқарылған жұмыстар жөніндегі мәліметтерді уақытылы әрі нақты ұсынып отыру қажеттігі және бұл мәселеге жоғары жауапкершілікпен қарау керектігі ескертілді.

тұрғындармен кездесулер өткізіп, құқықтық кеңес беру. Сонымен қатар жиында мемлекеттік қызметшілердің заңдылық пен адалдық қағидаларын сақтауына ролі атап өтілді.

– Біз – озық ойлы ұлтпыз. Сондықтан алысты көздел, түрлі араңдатушылық әрекеттерден биік тұруымыз, парасатты ел екенімізді танытуымыз және тек заңға арқа сүйеуіміз керек.

Жаңа алғаш сөз алған Асылжан Жолдасбекқызы заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету үшін қоғамда заңның үстемдігін қамтамасыз ету, заңға бағыну мәдениетін қалыптастыру, құқықтық тәртіпті нығайту және қауіпсіз орта құру керек екенін жеткізді.

Жаңа ереже бойынша әділдік қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік үшін әкімдер тікелей жауапты. Кент және ауылдық округ әкімдері «Ішкідікіз ауыл» жобасына қатысты ұсыныстар беруі тиіс, – деді Өркен Шалбол.

Ел тәуелсіздігін айқындайтын, территориялық тұтастығын кепіліне айналған Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, 2026 жылғы 15 наурызда өткен жалпыхалықтық референдум қорытындысымен жаңа Ата заң қабылданды.

Думан КЕҢШІЛІК

АҚ ХАЛАТТЫНЫҢ АБЗАЛЫ

Ақ халатты абзал жан дегенде мамандығына барынша берілген, адамның төні мен жанын қоса емдейтін білікті дәрігер көз алдына келеді. Оның үстіне ол аяулы дәрігер ана деген асыл жандарға қуаныш сыйлап, іңгөлап дүние есігін ашатын нәрестелерді алғаш ыстық алақанымен аялап, ана құшағына ұсынып, ақ жаулықтардың өміріне жаңалық әкелетін жан болса, ол мамандық иесіне қандай құрмет көрсетсең де жарасымды.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Алтынқұл Төлепбергенқызы – бүкіл өмірінің шұғылалы сәттерін денсаулық саласының гүлденуіне, ана мен бала саулығына, ұрпақ пен ұлттың көбею жолында тынымсыз еңбек еткен білікті дәрігер. Дауылқол ауылдық кеңесінде 1951 жылы 5 қазанда дүниеге келген. Тұлымшағы желбіреген жас қыз онжылдықты бітірісімен бала арманын қанат қылып, өзінің жүрек қалауымен дәрігерлікті таңдаған. Осылайша ол 1970 жылы Ақтөбе қаласындағы медицина институтына түсіп, армандаған мамандығының тереңіне бойлайды. Еңбек жолын Қармақшы аудандық емханасында дәрігер болып бастап, әйелдер кеңесі, перзентхана, гинекология бөлімдерінің меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарады.

Иә, осынау өмір тармағында кейбір жандардың пешенесіне осындай жоғары бақ пен биік абырой бұйырады. Бірақ оның бәрі есте ерен еңбек, жоғары жауапкершілік, өз мамандығына деген құрметпен келеді. Өзі еселі еңбек еткен жылдары ақ халатты мейірімді жан талай нәрестенің кіндік анасы болып, көптің ыстық ықыласы мен бағасын алған. Сол аналардың лебізін тыңдау да бір ганибет!

Әсем Мерекөва, дәрігердің шәкірті: «Әрбір адамның өзіне тән тұрмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әркілі. Өзінің өнегелі өмір соқпағында сыйластық пен достықтың ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет бола білген жан ол – Алтынқұл Төлепбергенқызы. Менің денсаулық саласындағы ұстазым. Қармақшы ауданының көптеген балаларының кіндік анасы, акушер-гинекологтардың ардақты ұстазы, ақылшы, сыртта жүрсе де акушерлік салаға тілеуші, тілекші. Құлаған жанды жылы сөзімен демей білетін, аналық ақылын айта білетін сондай аққоңіл, ақжарқын, маған акушер саласының әліпшесін үйреткен, қызығушылығымды арттырған, тұлға болуға баулыған ерекше жан. Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен табысты өтіп, бүгінде өркен жайған алып байтеректей болып, үлкен әулеттің ақылшысы, тілекшісі, алтын дінгеі болып отыр, – дейді ол.

Кіндік шеше болған талай сәбіге,
Жылу сыйлап әр анаға, әр үйге.
Еңбегіңіз елеулі гой, Жан ана,
Қадіріңіз бағалы гой әрине.
Ақ халаттың ақ жүзіне жарасып,
Ақ тілекпен жаңа өмірге жол ашып.
Алақанда аяладың сәбиді,
Мейірімге толып көзде қарашық.
Нәрестеде алақанның табы бар,
Аналар көп сізге ағынан жарылар.
Ұлың да бар, қызың да бар немерен,
Шаттанғанда айналған табылар, – деген өлең жолдары өзі босандырған



Әйелдің шынайы алғысы екен.

Халықтың риясыз көңілінен шыққан ақ батасы қабыл болып, Алтынқұл апамыз бүгінде құрметті еңбек демалысына абыроймен шығып, үлкен әулеттің отанасы, эзиз әжесі болып, жолдасы Ибракім Тасқараев екеуі 4 перзент тәрбиелеп, одан немере сүйіп, ұлағатты ошақтың түтінін түтетіп отыр. Отағасы Ибракім аға инженер-гидротехник, эколог, «ҚР Қоршаған ортаны қорғау саласының үздігі», «Қармақшы ауданының Құрметті азаматы». Ел ардақтысы, алтын қолды дәрігер Алтынқұл Төлепбергенқызының медицина саласында ұзақ жылдар еткен еселі еңбегі жоғары бағаланып, ол аудандық, облыстық, республикалық денсаулық сақтау саласының мақтау грамоталарымен, Қармақшы ауданы әкімінің алғыс хаттарымен марапатталып, 2011 жылы «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау саласының үздігі» белгісін өңіріне тақты. Облыстық перинаталды орталығының 80 жылдығының мерекелік медалін иеленді. Дәрігердің алақанының жылуын сезініп, өмірдің алтын қақпасын ашқан әрбір сәби мен ана өз ісінің шебері, мейірімді жанға өздерінің жүрек түкіріндегі алғасуыз алғысын жеткізуде. Балкім дәрігер бақыты деген осы болар!

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

Басы 1-бетте

ТАҢДАУЛЫ КАРДИОЛОГ

Мамандығының қыр-сырын меңгерген ол денсаулық сақтау саласында 20 жылдан астам уақыттан бері еңбек етіп келеді. Қарағанды мемлекеттік медициналық институтын бітіріп, еңбек жолын 1997 жылы облыстық медицина орталығында дәрігер-лаборант ретінде жұмысын бастады. Содан кейін жансақтау бөлімінде дәрігер анестезиолог, реаниматолог болып қызметін жалғастырды. 2009 жылы кардиологиялық орталық ашылып, дәрігер ординатор болып ауысты. 2017 жылдан осы бөлімшеге бөлім меңгерушісі болып тағайындалған.

– Жүрек-қан тамыр аурулары қазіргі кезде өлім-жітімге әкелетін аурудың түрі. Бүгінде жастар арасында да жүрек ауруы жиі кездесіп жатыр. Оның негізгі себебі козғалыс жоқ. Бұл ауруға көпшілік мән бермейді. Алайда, бұл елемей жүретін нәрсе емес. Жүректі уақытында тексеріп тұрған абал. Жүрек ауруларының құлақ сырғалығында диагональді қатпарлар, тістердің түсуі, қызыл иектің қабынуы, ерін түсінің өзгеруі секілді біз аңғара бермейтін белгілері де бар. Егер адамның басы ауырып, артериялық қан қысымы көтерілсе, сондай-ақ жүрек тұсында ауырсынулар пайда болса, кардиолог маманға қаралуды кейінге қалдырмағаны дұрыс, – дейді кардиолог-дәрігер.

Гүлсім Балтабайқызының сөзіне сүйенсек, артериялық гипертония – өлімге душар ететін жүрек-қан тамыр ауруларының ішінде кең таралған сырқат. Артериялық гипертония жер бетіндегі әрбір төртінші адамда кездеседі, ал біздің елде әрбір үшінші адамда бар екен. Бүгінде облыстық кардиологиялық орталық барлық қажетті қондырғылармен толық қамтылған. Жүрек ауыстырудан басқа оталардың барлығы дерлік жасалды. Жүректі, қан тамырларын емдеудің заманауи түрлері қамтамасыз етіледі.

Расында, Гүлсім Бержалпарова алдына келген науқасты барынша ілтипатпен қарап, ем беруге тырысады. Кардиолог-дәрігердің еңбегі елеусіз қалған жоқ. Білікті дәрігер еңселі еңбегі үшін әр жылдары Облыстық денсаулық сақтау басқармасының Құрмет грамотасымен, Кәсіподақ ұйымының Құрмет грамотасымен және Қызылорда облысы әкімінің Алғыс хатымен марапатталған. Халық денсаулығын жақсартуда қосқан үлесі үшін «Үздік дәрігер» атанған. «Сақтансаң, сақтайды» демекші, кардиолог жүрек ауруларының алдын алу және кез келген дәріні маман нұсқауынсыз іше бермеуді ескертеді.

– Көп адамдар денсаулығына селқос қарағанда сырқаты асқынып кетеді. Жүрек ауруларының алдын алу үшін шылым, алкоголь сияқты зиянды әдеттерден арылуыңыз. Күйзеліске бой алдырмаңыз. Ұйқыңыздың режимін қадағалаңыз, тамақтану тәртібіне көңіл бөліңіз және спорттық жаттығулармен айналысуды естен шығармаңыз. Жүрек-қан тамырлары дерті – өлімге апаратын қауіпті ауру. Сондықтан мамандардың кеңестеріне құлақ асқан жөн. Бұл ретте дәрігерлік тексеруді күнделікті күйбен тірлікпен кейінге шегеріп жүре тұрамын деп қателеспейсіз. Жүрек-қан тамырлары дертінің алдын алудың жолдары мен амалдары барын ескере жүрген абзал, – дейді көптің алысын арқапар жүрген ақ халатты абзал жан.

Қанша сын айтылса да, халық дәрігерлер қауымын ерекше құрмет тұтаны шындық. Дәрігер болуды армандайтындар да көп. Алайда, кез-келген жан дәрігер бола алмайтыны анық. Ол үшін дәрігерлік қызметке қызығушылық пен мамандық алу жеткіліксіз. Сондай-ақ олардың адам өміріне жауапкершілігі, жанапшылығы мен адалдығы маңызды. Дәрігер болатын жаңа үлкен жүрек керек-ақ. Міне, бүгінгі біздің кейіпкеріміз – осындай үлкен жүректің иесі. Өмірдің талай өткелдерінен абыроймен өтті. Өз ісіне шын берілді, сол мақсатта



А.БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

абырой биігінен түспей, қызметке адалдығын дәлелдеп келеді. Алдағы уақытта да халық арасында сыйлы болып, мамандығын мақтаныш ете беруге бізде тілек білдірік. Тәжірибелі дәрігердің еңбегі еселене берсін.

Басы 1-бетте

АСҚАР ТАУ АЛАСАРМАЙДЫ

– Бүгінде әке институтының қоғамдағы ролін қалай бағалайсыз?

– Әке институты – қоғамның берік іргетасы. Әке – тек отбасының асыраушысы ғана емес, баланың өмірлік жолын қалыптастыратын тұлға, ақылшысы, қорғаушысы. Әкенің бір ауыз сөзі, бір әрекеті баланың болашағына үлкен әсер етеді. Сондықтан әкенің бала тәрбиесіндегі орны әрқашан ерекше.

– Әке мен бала арасындағы байланыс неге әлсіреп бере жатыр?

– Қазіргі заманда уақыт тапшылығы, технологияға тәуелділік, өмір ырғағының өзгеруі отбасы қарым-қатынасына әсер етеді. Бірақ баланың әкеге деген қажеттілігі ешқашан өзгермейді. Балаға ең қерегі – әкесінің уақыты, мейірімі, қолдауы және өмірлік үлгісі. Әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктері арқылы мәдени құндылықтары қалыптасады. Ата-бабамыз ұл баланы ертегі абыройлы әке, қадірлі отағасы, елді қорғайтын ер, батыр, ұлттың намысты азаматы ретінде әділдікке, қайсарлыққа, тәрбиелесе, қыз баланы болашақ ана, отбасының ұйытқысы, ағайынның берекесін келтіретін даналыққа баулыған. Жалпы әке мен бала арасындағы байланыстың беки түсуіне отбасында ағаның да қосатын үлесі аз емес. Мысалы, Құнанбай мен Абай арасындағы ғажайып байланыс баршаға мәлім. Құнанбайдай әкенің сыншылдығы мен қаталдығының өзінен балаға деген мейірім көрінеді. Ал жас Абай оқудан ауылына келгенде әуелі анасы Ұлжанға амандаспақ болғанда, Ұлжан ағаның баласына әкесі Құнанбаймен бірінші амандасуы керектігін айтуы да үлкен тәрбиенің белгісі.

– «Әкелер одағы» өңірегіндегі мектептермен және басқа мекемелермен қандай жобаларды жүзеге асырып келеді?

– 2023 жылы осы мереке қарсаңында республикалық «Әкелер Одағының» Қызылорда облысы бойынша филиалын ашып, жұмысымызды бастадық. Алдымен іс-шаралар жоспарымызды бекітіп, соған сәйкес жұмысымызды жүргізіп келеміз.

Өңірімізде алғаш бірлестік ашылған жылы облыстық «Әкелер форумын» ұйымдастырдық. Оған облысымыздан 300-ге жуық белсенді әкелер балаларымен бірге қатысты. Форумда ұлттық құндылықтар дәріптеліп, ұлттық ойындар асық ату, ат ертеуі, садақ ату, зергерлік бұйымдар жасау т.б. ер балаларға арналған танымдық шаралармен қатар, әкелерді қоғамдық жұмыстарға, оқу орндарының тәрбие жұмыстарына араласуға шақыруға бағытталды. Одан бөлек, 2024 жылы республикалық форум да Сыр өңірінде өтті. 2024 жылдан бастап аймақтағы барлық мектептерде «Әкелер кеңесі» құрылды және төрағалары сайланды. Сол себептен біз мектептермен бірлесіп, әкелердің бала тәрбиесіне белсенді араласуын арттыруға бағытталған кездесулер, тәрбиелік шаралар, әкелер кеңестері сияқты жұмыстарды жүргізіп келеміз. Басты мақсатымыз – «тәрбие тек мектептің немесе ағаның міндеті емес, ол – ортақ жауапкершілік» деген түсінікті қалыптастыру.

Қызылорда облысының прокуратурасы мен азаматтық қоғам өкілдері өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Кеңес тұрақты түрде қайырымдылық шараларға да қатысуда. Мерекелер мен балалар күнінде ерекше күтімді қажет ететін балаларға мерекелік дастархан дайындап, мерекелік шара ұйымдастырылып, арнайы сыйлықтар табыстаймыз.

Білім додаларында оза шауып жүрген балаларымызға да демеу жасап, қолдау көрсетіледі. Ерекше атап өткім келетіні, «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылы тәрбиеленушілерінің қатысуымен өтетін шаралар. Әке мен ана мейіріміне зәру бүлдіршіндеріміздің арасына барып оларға қуаныш сыйлау өте өзгеше сезім деп айтсам болады.

Маман кеңесі

ЖЕДЕЛ ІШЕК ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛЫҢЫЗ

Жедел ішек ауруы дегеніміз – асқазан-ішек жолдарын зақымдайтын жұқпалы аурулар тобы. Оларды бактериялар, вирустар немесе басқа да ауру қоздырғыштары тудырады.

Жедел ішек ауруларының негізгі белгілері:

- Іштің бұрып ауыруы;
- Жиі сұйық нәжіс (іш өту);
- Жүрек айну және құсу;
- Дене қызуының көтерілуі;
- Өлсіздік, тәбеттің төмендеуі;
- Бас ауруы;
- Ауыздың құрғауы, шөлдеу (сусыздану белгілері).

Маңызды: Ауру асқынған жағдайда ағзаның сусыздануына әкелуі мүмкін. Сондықтан аталған белгілер байқалған кезде бірден дәрігерге қаралып, уақытылы ем қабылдау қажет.

Индеттің таралу жолдары. Жедел ішек аурулары көбінесе лас қол, сапасыз ауыз су, дұрыс жуылмаған жеміс-жидек пен көкөніс, сондай-ақ мерзімі өткен немесе бұзылған тағамдар арқылы таралады.

Аурудың алдын алу үшін келесі ережелерді сақтау қажет:

1. Қолды сабынмен жиі жуу;
2. Тек таза немесе қайнатылған су ішу;
3. Тез бұзылатын тағамдарды міндетті түрде тоназытқышта, сақтау мерзіміне сәйкес ұстау.

Әрбір адам жеке бас гигиенасын, яғни аурулардың алдын алуға арналған күнделікті тазалық ережелерін сақтауды әдетке айналдыру тиіс. Жеке бас гигиенасын сақтау адам денсаулығын нығайтып, жұқпалы аурулардың таралуын болдырмауға көмектеседі.

Ф. РСАЛШЕВА,

Қызылорда баға қарсы күрес станциясының зертхана меңгерушісі

Әкелердің қатысуымен Эстафеталық сайыстар ұйымдастыру, кинотетраға апару, мерекелерде барып құттықтау сынды шаралар тұрақты жүргізіледі.

«Әкелер одағы» Аналар күнінде де аналарымызға құрмет көрсетуді дәстүрге айналдырды. облыс әкімінің жанындағы Отбасы комиссиасымен бірлесіп, айтулы күні сәбиін дүниеге әкеліп жатқан аналарды құттықтап, арнайы сыйлықтар табыстадық.

Жалпы Қызылорда облысында «Әкелер одағы» мен жергілікті әкімдіктер, құқық қорғау органдары, үкіметтік емес ұйымдар өкілдерімен тығыз байланыс орнатылған. Облыс әкімі жанындағы отбасы комиссиясы, «Аналар» кеңесі, «Әйелдер» кеңесі бір бағытта жұмыс істейміз. Себебі барлықмыздың мақсатымыз бір – ұрпақ тәрбиесіне бағытталған.

– Отбасындағы әкенің беделі мен орнының әлсіреуіне қандай факторлар әсер етеді деп ойлайсыз?

– Әкенің беделі ең алдымен оның отбасындағы әрекетімен қалыптасады. Бала әкесінің сөзін ғана емес, ісін де қайталайды. Сондықтан әрбір әке баласына дұрыс бағыт беріп, отбасы алдындағы жауапкершілігін сезінуі керек.

– Ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрді дәріптеуде әкенің ролі қаншалықты маңызды?

– Әке – ұрпақ сабақтастығын жалғастырушы тұлға. Біздің ұлттық тәрбиесінде әкенің орны ерекше болған. Үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, елге қызмет ету сияқты қасиеттер бала бойына ең алдымен әкенің үлгісі арқылы сінеді.

Ұлы ақын, хакім Абай мен оның әжесі – аға сұлтан, дала Шекспірі атанған Құнанбай Өскенбайұлының арасындағы қарым-қатынас ұрпақ сабақтастығының, әке тәрбиесі мен бала парасатының ең биік шыңы. Олардың өмірінен алынған мына бір қысқа, бірақ мағынасы терең тарихи әңгіме әкенің баланы тануы мен баланың әкеге деген құрметін керемет сипаттайды. Абай есейіп, ел ісіне араласып, шешендігімен де, әділдігімен өзінің даналығын



таныта бастаған шағы болса керек. Бірде үлкен бір жиында, ел ағалары бас қосқан мәжілісте жас Абай әжесі Құнанбайға қарап, қалжың аралас бір сұрақ қояды: – Әке, халқымызда «Әкеден бала ширек кем туады» деген сөз бар еді. Осы сөздің өтірік екеніне менің көзім жеткен сияқты, – дейді. Құнанбай баласының астарлы сөзін бірден түсініп, сабырмен:

– Неге, балам? Олай деуіңе не негіз бар? – деп сұрайды. Сонда Абай өзінің білімдарлығы мен халық арасындағы беделін мензеп:

– Өйткені, әке мен сенен артық туған сияқтымын. Менің білімім де, абыройым да сенен кем емес, – деп жауап береді.

Мәжілісте отырған жұрт Құнанбайдың қатал мінезін білетін еді. «Аға сұлтан мына сөзге ашуланып қалама?» деп бәрі демдерін ішіне тартып, тына қалады. Сонда көрген Құнанбай ұлына жылы ұшырай қарап, бүкіл елге сабақ боларлық мынадай тарихи жауап береді:

– Ей, балам, айтқаның жөн-ақ болсын. Егер сен өзіңнен артық бала туғыза алсаң, онда шынымен де менен артық болғаның. Бірақ ұмытпа, өзіңнен артық бала тәрбиелеген мен сенен бәрібір артықпын, – деген екен.

Бұл сөзді естігенде Абай әкесінің даншындығы мен көрегендігіне тағы да бас иіп, ұзақте тоқтаған екен.

Бұл қысқа диалог әрбір әкенің басты мақсаты – өзінен озған, еліне пайдалы, білімді ұрпақ тәрбиелеу екенін көрсетеді. Бала қанша жерден биікке шыкса да, сол шыңға шығуға негіз қалаған, бойына тектілік пен тәрбиені сіңірген – әке екенін ұмытпауы тиіс.

– «Бір әке – бір отбасының тірегі ғана емес, тұтас қоғамның тәрбиешісі» деген пікірмен келісесізбе?

– Толық келісемін. Себебі әрбір әке өз баласының ғана емес, келешек ұрпақтың тәрбиесіне үлес қосады. Отбасында дұрыс тәрбие алған бала – ертең қоғамға пайдасын тигізетін азамат болады. Ана балаға мейірім мен ішкі жан дүниесін тұрақтылығын берсе, әке – оның сыртқы әлеммен, қоғаммен қарым-қатынасын қалыптастырады. Бала әжесіне қарап үлкенді сыйлауды, сөзінде тұруды, әлсіздерді қорғауды үйренеді. Әкесінің қоғамдық белсенділігін, еңбекқорлығын көріп өскен бала ертең өзі де еңбекке адал, мемлекетшіл азамат болады.

– Алдағы уақытта «Әкелер одағы» қандай жаңа жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Тек іс-шара өткізумен әкенің қоғамдағы орнын қалыптастыра аламызба?

– Әрине, тек іс-шарамен шектелу жеткіліксіз. Негізгі мақсат – әкенің бала өміріндегі тұрақты орнын қалыптастыру. Алдағы уақытта әкелерді біріктіретін, отбасы құндылықтарын нығайтатын, жас әкелерге бағыт-бағдар беретін жобаларды жүзеге асыру жоспарлануда. – Әкелер күнін атап отудің маңыздылығы жөнінде не айтар едіңіз?

– Әкелер күні – әкеге құрмет көрсететін ғана емес, әкелік жауапкершіліктің маңызын түсіндіретін ерекше күн. Бұл – әрбір әкеге «менің баламның тәрбиесінде менің орым қандай?» деген сұраққа жауап беретін мүмкіндік. Әкесі өнегелі отбасы – болашағы берік қоғамның негізі.

– Өңімізге рахмет.

Сұхбаттасқан Айтқали БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫ ТҰМАРЛАҒАН ӘНШІ



Қазақы нақыштағы ұлттық киіммен, сазды әдемі даусымен төл өнерді насихаттап жүрген термеші, дәстүрлі әнші Қызылорда облыстық филармониясының әншісі, ҚР Мәдениет қайраткері «Құрмет» орденінің иегері, «Тұран» сыйлығының иесі – Үміт Медеуова. Үміттің репертуарындағы қай әнді алсаңыз да мағынасы терең, ұлттық бояуы қанық, елдің рухын көтеретін өкпінмен ерекшеленеді. Үміт шырқаған «Домбыра болып сөйледім» өні өн бойыңды шымырлатып, жан дүниені оятады.

Ей, домбыра,
Бабамнан қалған үні еді,
Тәңірге аян тілегі.
Аңыра, ағыл, домбыра,
Қазақтың жаны, жүрегі,
Төгілген жанның жаңбырын,
Егілген бойда жан мұңын.
Қазақтың ары, намысы,
Домбырам менің тағдырым.
Аталы сөзге тоқтаған,
Қайран да қайран сақ бабам.
Алдаспан сүйін серт етіп,
Атаның салтын сақтаған.

– Бүгінгі ұрпақ өзінің қазақ екенін ұмытпасын. Қай жерде жүрсе де ұлттық мәдениет, ұлттық әшекейлерді тастамаймын. Өнімем сазсырнай, домбыра аспаптарының үнін міндетті түрде қосып отырамын. Жыршылық өнер – түбінде ол сенің қаныңмен келу керек. Жыр-толғаудың мақамын, нәрімін бұзбай халыққа жеткізу – басты мұратым, – дейді Үміт Еменқызы.

Өншінің өнегелі өмір жолы да өнермен өрілген. Өнер өлкесіне өрімдік шағынан гашық болған талдырмаш қыз мектеп қабырғасында жүріп өлең айтып, елдің көкеміне бөленген. Осылайша арман қуып Шымкент қаласындағы Әл-Фараби атындағы педагогикалық институтының «Халық аспаптар бөлімінің жетекшісі» мамандығы бойынша білім ала жүріп, институт жанынан құрылған «Достық» ансамблінің құрамында болып, түрлі байқауға қатысып, шетелдік гастрольдерде өнер көрсеткен.

1988-1990 жылдары жолдамамен Қызылорда қаласындағы «Бумажник» мәдениет үйіне жүріме жетекшісі қызметіне келеді. 1990-1998 жылдар аралығында Қызылорда облыстық халық шығармашылығын дамыту орталығында бөлім меңгерушісі қызметімен бірге «Қазына» фольклорлық ансамбліне әнші-термеші

болды. 1998 жылдан бері Қызылорда облыстық филармонияда әнші-термеші.

– Өншінің ұзақ жылғы еңбегінің жемісі – көрерменмен еркін жүздесетін есепті концертті. Халық жылы қабылдап, қол соғып құрмет көрсетсе, ұзақ жылғы сахна сыртындағы маңдай терінің өтелгені. 2006 жылы 14 сәуір күні Н.Бекежанов атындағы драма театрда есеп беру концертін өткіздім. 2019 жылы 13 қазан күні Н.Бекежанов атындағы драма театрында атты «Ақмешіт аспаны» атпен жеке концерт бердім. 2020 жылы Қызылорда облыстық филармония залында «Сыр сазы» атты онлайн концертін бердім. 2023 жылы 7 маусым күні «Жылы жүзесу» атты бенефис концерт қойдым. Халық көп жиналды. Өнерді жан-тәнімен сүйетін көрерменге қарап, шабыттана түссем. Өнерсүйер қауым қолдаса, өншінің бағы сонда жанады. Біз халық батысымен бақыт нұрына бөленеміз, – дейді әнші.

Бақытын өнерден тапқан әнші Үміт Медеуова облыс және республика көлеміндегі көптеген мәдени шараларға қатысып, үздіксіз өнер көрсетіп келеді.

Қазақ халқының халық әндерін тамылжыта орындап тыңдаушыларын баурап алған талантты, жетандай әнші. Мәдениет саласында 30 жылдан астам еңбек етіп, ел алғысына бөленген өншінің қай әнін алсаң да адам баласын жақсылыққа, адалдыққа үндейді.

Армысыңдар, жақсы адамдар,
Жақсылыққа бастағандар,
Ізгіліктің жолын нұсқап,
Жамандыққа баспағандар.
Ел үмітін ақтағандар,
Адалдықты жақтағандар,
Ар, намысты сақтағандар,
Жүз жасаңдар жақсы адамдар! – деп төгілтіп салған әні жан дүниені шуақ пен мейірім таратады. Сахнаның сандуашына айналған күміс көмей әнші Үміт Медеуоваға ұзақ ғұмыр, шалқар шабыт тілейміз.

Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ

• ЖҮРЕК КІЛТІ

ЖАҚСЫ АДАМ БОЛУ ҚИЫН БА?

Өмірімізде қанша жамандық, қанша жақсылық болса, оның барлығы адамның ықпалымен болады. Еш нәрсе ешқашан өздігінен болмайды, бәрі-бәрі адамның қолында. Жүрегімізді жылтататын, күлдіретін – адамның өзі, сөзі, көзі. Өмір сүріп жатқан ортамызға жағымды және жағымсыз өзгеріс енгізетін – адамның іс-әрекеті. Біздің ұстаным – адамдарды жақсы болуға шақыру, жақсы адам болып қалуға үндеу. Осы бағытта газет бетінен арнайы ашылған «Жүрек кілті» айдарының бүгінгі қонағы «Ана үйі» қоғамдық қорының психологы Ақмарал Оспановамен жүрек түкпіріне жетер әдемі өңгіме өрбіді. Қазіргі қоғамда адамдар арасындағы қарым-қатынас, адамгершілік құндылықтар, рухани тәрбие мәселелері жиі талқыланатын тақырыпқа айналды. Бұл сұхбатта адам бойындағы ізгі қасиеттерді қалыптастырудың жолдары, отбасылық тәрбиенің маңызы туралы пікірін кеңінен айтылды.



Бүгінде көп адамға жылы сөз жетіспейді. Адамдарға жақсылық жасап, өзгенің алғысын алғанды жөн көрейік. Адамдардың жақсы жаққа қарай өзгеруіне сеп болсақ, біздің де титтей де үлес қосқанымыз.

– Қазіргі қоғамда адамдардың ашушаң болып, бір-біріне мейірім танытуға азайып бара жатқандай көрінеді. Мұның психологиялық себептері қандай?

– Қазіргі кезде адамдардың өмір сүру қарқыны өте жылдам. Көпшілігі күнделікті күйбең тіршіліктің, қаржылық қиындықтардың, жұмыс пен отбасы жауапкершілігінің арасында жүреді. Осындай тұрақты күйзеліс адамның эмоционалдық күшін азайтады. Үнемі асығыстық, ақпараттың көптігі, әлеуметтік желілердегі салыстырулар адамның психологиялық шаршауын күшейтеді. Мен жұмыс барысында адамдардың жамандықтан емес, шаршағандықтан бір біріне қатты сөйлеп кететінін байқаймын. Сол себептен, адамдарға өзара түсіністік жетіспейтін сияқты. Тұрмыстық мәселелер, қаржылық қиындықтар және жұмыстағы қысым адамды үнемі «қорғану» немесе «шабуыл жасау» режимінде ұстайды. Бұл үрейлі күй басқаларға мейірім танытуға мүмкіндік бермейді. Шынайы қарым-қатынастың әлеуметтік желілермен алмасуы адамдарды бір-бірінен ашпастатып, бөтенінуді туғырады. Экран артында отырып біреуге агрессия білдіру бетпе-бет келгенге қарағанда әлдеқайда оңай.

– «Жақсы адам болу» ұғымын психология қалай түсіндіреді? Бұл туа біткен қасиет пе, әлде тәрбиенен қалыптаса ма?

– «Жақсы адам болу» – психологияда эмпатия, мейірімділік және просоциалдық (қоғамға пайдалы) мінез-құлық негізінде түсіндіріледі. Бұл толығымен туа біткен емес, адамның ішкі потенциалы ретінде басталып, өмірлік тәжірибе мен тәрбие арқылы қалыптасатын қасиет. Менің ойымша, жақсы адам болу – өзінді де, өзгені де құрметтей білу, жауапкершілік таныту, айналба зиян келтірмеу. Өрине, мінездің кейбіреуі ерекшеліктері туа бітуі мүмкін, бірақ адамгершілік, мейірімділік, жауапкершілік сияқты қасиеттер көбіне отбасындағы тәрбие мен өмірлік тәжірибе арқылы қалыптасады. Бала үлкендерін әрекетін көріп өседі, сондықтан тәрбие өте маңызды. Егер отбасында сыйластық, қамқорлық, жылы қарым-қатынас болса, бала да сол құндылықтарды бойына сіңіреді. Сондықтан жақсы адам болып қалыптасуда отбасының ролі ерекше.

– Адам бойындағы мейірімділік,

жанашырлық, ізгілік қасиеттерді қалай дамытуға болады?

– Мейірімділік үлкен істерден басталмайды. Кейде адамның көңілін сұрау, жылы сөз айту, алғыс айту сияқты қарапайым әрекеттердің өзі үлкен жақсылық болып саналады. Адам өзгені жағдайын түсінуге тырысқан сайын жанашырлығы артады. Жақсылық жасау адамның өзіне де жақсы әсер етеді. Адам бойындағы мейірімділік, жанашырлық және ізгілік қасиеттерді дамыту үшін үнемі өзіңізге мән беру, саналы түрде жақсылық жасау әдетін қалыптастыру және қоршаған ортаға қайырымдылықпен қарау қажет. Сонымен қатар бұл қасиеттерді күнделікті өмірде мынадай қарапайым әрекеттер арқылы дамытуға болады. Өзге адамдардың жағдайын өз басыңыздан өткізіп көріңіз. Олардың сезімдері мен қиындықтарын түсінуге тырысыңыз. Сондай-ақ, күнделікті алғыс айту. Айналыңыздағы адамдарға, жақындарыңызға тіпті кішігірім көмегі үшін де шын жүректен рақмет айтыңыз. Бұл сізді жақсылықты бағалауға үйретеді. Қайырымдылық істермен айналысу. Ал өкіп-реништі ұмытып, адамдардың қателіктерін кешіре білу жүректі тазартады, ізгілікті арттырады. Күнделікті жақсы әдеттерді қалыптастыру, қуа сайын кем дегенде бір адамға жақсылық жасауды немесе жылы сөз айтуды мақсат етіңіз.

– Бүгінде адамдардың көпшілігі өзін жалғыз сезінеді. Бұл мінез-құлыққа қалай әсер етеді?

– Жалғыздық сезімі адамның өзгелермен сенімді, шынайы қарым-қатынастың жетіспеушілігінен туындауы мүмкін, ол тікелей көңіл күйіне әсер етеді. Кейбір адамдар тұйықталып кетеді, кейбіреуі ашушаң болады. Сондықтан әр адамның өзін тыңдайтын, түсінетін, қолдайтын ортасы болғаны маңызды.

– «Бала кездегі травма» ұғымы неге сонғы жылдары жиі айтылатын болды? Балалық шақтағы психологиялық жарақат адамның ересек өміріне қаншалықты ықпал етеді?

– Сонғы жылдары адамдар психологиялық денсаулыққа көбірек көңіл бөле бастады. Сондықтан бұл тақырып жиі көтерілуде. Балалық шақта қорған қиындықтар, ата-ананың қолдауының жетіспеушілігі, неміқұрайлылық немесе басқа да жағымсыз жағдайлар адамның өзіне деген сеніміне, адамдармен қарым қатынасына әсер етуі мүмкін. Мен тәжірибеде ересек жастағы көптеген қиындықтардың түс төркіні балалық шақтағы жағдайлармен байланысты екенін жиі кездестіремін.

– Өзін бақытсыз сезінетін адамдардың ортақ психологиялық ерекшеліктері қандай?

– Әр адамның жағдайы әртүрлі болғанымен, ортақ белгілер де кездеседі. Көп жағдайда мұндай адамдар өздерін өзгелермен жиі салыстырады, өз жетістіктерін бағаламайды, өміріндегі жақсы нәрселерді байқамай жатады. Кейде олар өткен өкініштермен немесе болашаққа деген алаңданыспен өмір сүріп, бүгінгі күннің қуанышын сезіне алмайды.

– Қандай адам бақытты өмір сүруді білмейді деп айтар едіңіз?

– Менің ойымша өмірдегі бар жақсылықты көре алмайтын, үнемі біреуді кінәлайтын және ешнәрсеге қанағаттанбайтын адамға бақытты болу қиын. Бақыт дегеніміз барлық мәселенің жол болуы емес. Ол көбіне адамның өмірге деген көзқарасына байланысты.

– Әр адамға психолог керек пе?

– Әр адамға міндетті түрде психолог қажет деп айта алмаймын. Бірақ өмірде қиын кезеңдер болады. Ондай кезде жақындарынан қолдау таба алмаса немесе мәселені өздігінен шеше алмаса, маманның көмегіне жүгінудің маңызы зор. Менің ойымша психологқа бару әлсіздік емес, керісінше өзіне жауапкершілікпен қараудың белгісі.

– Сіздің ойыңызша, адам өмір бойы жақсы адам болып қалу үшін негізгі бағытқа етуі керек?

– Ең бастысы – адамдық қасиетті жоғалтпау. Адал болу, өзгені құрметтеу, қолыңнан келсе көмектесу, жасаған ісің үшін жауап бере білу маңызды. Өмірде қандай болса да, адамгершілікті сақтай білген адам айналасына да, өзіне де пайдасын тигізеді.

– «Өзінді жақсы көрсен, өмірің өзгереді» деген пікірмен келісесіз бе? Психологтар көп айтатын «Өзінді жақсы көр» қағидасын қалай түсіндірер едіңіз?

– Иә, келісемін. Бірақ бұл өзіншіл болу дегенді білдірмейді. Өзінді жақсы көру – өзінді қандай болсаң солай қабылдау, денсаулығына көңіл бөлу, өз қажеттіліктеріңді ескеріп отыру. Өзін сыйлайтын адам өзгелерді де сыйлай алады. Сондықтан адамның өзіне деген дұрыс көзқарасы оны өмір сапасына да, айналасымен қарым қатынасына да оң әсер етеді. Өзіне деген сенімділік пен құрмет – кез келген бақытты өмірдің табысты қарым-қатынастың іргетасы. Өзіншілдік шынайы сүйгенде, айналыңыздағы адамдар да сізді солай құрметтей бастайды. Бұл әтомды емес, бұл – өміріңді сапалы әрі сапалы етудің кілті.

– Сұхбатыңызға рақмет. Әңгімелескен Айтолқын АЙТЖАНОВА

«КІТАП КЕРУЕНІ» АКЦИЯСЫ БАСТАЛДЫ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқасов ағымдағы жылдың мамыр айында «Кітап оқу мәдениетін қалыптастыру жөніндегі ұлт туралы» Жарлыққа қол қойып, оқырмандарға арналған заманауи инфрақұрылымды дамытуға, қолдана отырып жаңа форматтағы кітапханалар мен қоғамдық кеңістіктер құруға тапсырма берді. Сондықтан әлемдік өркениеттің көшінен қалмау үшін бізге ең алдымен білім, ізденіс қажет. Ал бұл жолдағы ең сенімді серігіміз – кітап. Президентіміз өткен жылы аймағымызға жұмыс сапарымен келген кезде Астана және Алматы қалаларындағыдай тәулік бойы қызмет көрсететін үйінші Президенттік кітапхананың Қызылорда қаласында ашылғанын атап өткізген болатын. Бүгінде қаламыз. Мұнда оқырмандар үшін барлық жағдай жасалмақ. Бұл – аймақ басшысының

өмір тұрғындарына көрсеткен үлкен қолдауы. – деді Берік Әбдіғалпартұлы. Шара барысында үлес қосқан бірқатар азаматтар марапатталды. Атап айтқанда, «Қазақстанның Құрметті кітапханашысы» төсбелгісі, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының Алғыс хаты табысты. Сондай-ақ, «Ең белсенді оқырман», «Кітап жапашыры», «Үздік оқырман отбасы» және «Үздік жас оқырман» номинациялары бойынша шара концерттік бағдарламамен жалғасты.

«АУЫЛ ДӘМІ» — ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында ақын, журналист Бекжан Сүлейменовтің «Ауыл дәмі» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.



«Ауыл дәмі» – автордың туған жер, ауыл өмірі, ұлттық құндылықтар, елдік пен адамгершілік туралы толғаныстары мен тағлымды естеліктерін қамтыған туынды. Кітапта қазақ ауылының тыныс-тіршілігі, ұрпақ тәрбиесі, ұлттық болмыс пен рухани сабақтастық мәселелері кеңінен сөз болады. Рухани шараға еліміздің мәдениеті мен әдебиетіне елеулі үлес қосып жүрген белгілі тұлғалар қатысып, автордың шығармашылығы мен жаңа кітабы туралы ой-пікірлерін ортаға салды. Басқосуда Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының

мәдениет қайраткері, «Парасат» және III дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері, профессор, жырау А.Алматов, қоғам қайраткерлері Р.Нұртаев, М.Исаев, «Quyzylorda» телераисы директорының орынбасары А.Қасымов және Ақпарат саласының үздігі, журналист Д.Елубаев құттықтау сөз сөйледі. Кешті Қазақстан Республикасы Мәдениет саласының үздігі, «Тұран» сыйлығының иегері, педагогика ғылымдарының магистрі, жырау Серік Орынбекұлы Жақсығұлов жүргізді. Кездесуде қаламгер шығарманы жазылу тарихы мен негізгі идеялары туралы әңгімелеп, өз өлеңдерін оқыды.

«Ақмешіт ақпарат»

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Атқасына 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4400 Тапсырыс №1040

Нөмірдің кезекші редакторы Думан Кеншілік